



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №31 (9585) 2 тамыз 2024 ж.

Спорт

Бүгінгі күнде ауданда ерекше күтімді қажет ететін 144 бала бар болса, үйірменің ашылу салтанатына 20 бала ата-анасымен келді. Жиынға «Жетісу облысының бочча федерациясы» қоғамдық бірлестігінің президенті, облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Тойлыбаева, аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев, бочча спортынан жаттықтырушы Бақытгүл Имашева, бочча спортынан еліміздің чемпионы Мадияр Мұратхан және параолимпиадалық ойындардың жүлдегері Ақерке Есжанқызы қатысты.

- Облыс бойынша алғаш рет Сарқан ауданындағы жас спортшыларымыз үшін арнайы шеберлік сыныбы өткізілмек. Шараның басты мақсаты – паралимпиядалық спорт түрінің облысымызда өркендеуіне жан-жақты үлес қосу. Осы тұрғыда жастарымызды жетелеп, олардың дамуына барынша үлес қосып жүрген ата-аналарға алғыс білдіргім келеді,- деді алғашқы болып сөз алған Гүлнар Тойлыбаева.

- Біздің өңірде 2022 жылдан бері ашылған бұл спорт түрі қазіргі таңда жақсы дамыған. Жетісу облысында жалпы екі мыңға жуық (1709) мүгедектігі бар жастар болса, Сарқан ауданында - 144 мүмкіндігі шектеулі бала тіркелген. Оның ішінде церебралды сал ауруы-22, Даун синдромы-11, аутизмге шалдыққандар – 5-еу. Осындай ерекше күтімді қажет ететін барлық балаларды дамытып, спортпен айналысуларына біз өз күшімізді салудамыз. Бүгінгідей шеберлік сағаттарын алдағы уақытта көптеп өткізіп, облысымыздың барлық өңірлерін қамтитын боламыз. Сарқан ауданындағы ерекше күтімді қажет ететін барша жастарымыз түрлі жарыстарда оза шауып жүрген жеңімпаздарымыздан бочча ойынының қыр-сырын үйреніп, биік белестерді бағындырады деп сенемін!

Бочча федерациясының президенті еліміздің атын әлемге танытып, Жетісу жерін барлығына паш ететіндей мықты спортшыларды үйірме мүшелері арасы-

ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ ӨТТІ



Бочча деп аталатын спорт түрі жайлы көп естімейтініміз рас. Елімізде бұл спорт енді ғана дамып, мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде балалар мен жастардың арасында қарқын алып келе жатыр. Жұырда аудан орталығы Сарқан қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияда бочча спорты түрінен шеберлік сағаты және осы сайыс түрінен үйірме ашылуына байланысты жиын өтті.

нан көргісі келетініне, ел мерейін асырып, үлкен топтан суырылып шығу үшін тер төгіп, еңбек ету керектігіне тоқталды.

Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев «Бала бауыр етің» дегендей, балалардан ештеңе аямай, барлық жағдай жасалу керектігін, әрі өңірдің ерекше балалары өздерін кем санамауы қажеттігін, сол үшін оларға арнап бочча

спортынан үйірме ашылып отырғандығын, демеушілер тауып, бірыңғай киім формасымен қамтамасыз етіп осы спортпен айналысуға барлық жағдай жасалатынын жеткізді.

Ерекше балалардың ата-аналары атынан сөз алған Меруерт Мустахибекова перзенттерін қолдап, қамқорлық жасап жүрген аудандық орталық аурухананың балалар бөлімшесіне аналық алғысын білдірді.

Сәлден кейін Гүлнар Тойлыбаева мен Ғалымжан Маманбаев үйірменің ашылу салтанатына орай балаларға арналған сыйлықтарды табыстап, сәттілік тіледі.

Бочча спортынан жаттықтырушы Бақытгүл Ильясықызы сайыстың шарты мен ережесін таныстырып, тәжірибелі спортшылар шеберлік сағаттарын өткізді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Еңбек адамы

Қазіргі таңда аудан тұрғындарының түрлі кәсіптің көкжиегін кеңейтіп, мал шаруашылығымен қоса құс шаруашылығының санын арттырып жатқаны мәлім. Бүгінгі кәсіпкеріміз құс өсіріп табысын еселеуді көздеп отыр. Иә, бүгінде тауықтың еті мен жұмыртқасына сұраныс мол. Осыны ескерген Қойлық ауылының тұрғыны Тимур Тұралықов тауықтар өсіріп, оны көбейтуге жағдай жасауда.

Осы орайда, кейіпкеріміз Тимур да өз кәсібін ашуда мемлекеттік бағдарламаның шарапатын сезінген кәсіпкердің бірі. Ол «Бизнесің жол картасы» бағдарламасына орай қайтарымыз қаржыға ие болып, аталған бағдарлама бойынша 1 млн. 476 мың теңге несие алған. Нәтижесінде 300-ден астам бройлер балапанын, 280-нен астам жұмыртқалайтын тауық сатып алып құс шаруашылығын дамытуға ден қойған. Алынған қаржыға аула



Тауық та табыстың көзі

ішіне құстарға қолайлы орын, тақтайдан жылы қораны тапсырыспен жасатқан. Тауық жұмыртқасы, еті күнделікті тұтынуға жақсы екені айтпаса да түсінікті. Кейіпкеріміз тауықтың жұмыртқасына сұраныстың жоғары екенін айтып, біраз табысқа кенелуге болатынын тілге тиек етті. Ауыл тұрғындары күнделікті тауық

жұмыртқасының 1 данасын 70 теңгеден сатып алуда. Бройлер балапанын көбейтіп, етін дүкендерге саудалауды да жоспарлап отыр.

Тимур көпбалалы отбасыларға жасалып жатқан қолдауға дән риза. Ол зайыбы Аида екеуі 7 бала тәрбиелеп отырған берекелі отбасы. «Мен осыған

дейін үйдің кенжесі ретінде ата-анам о дүиелік болғаннан кейін әр түрлі кәсіпті қолға алып көрдім. Ірі қара бордақылап, тіпті қой басын да көбейттім. Қазіргі уақытта тауық санын көбейтуді мақсат етіп отырмын. Оған қатты күтім де қажет емес. Аптасына 2 рет астын тазалап, жем-суын беріп тұрсаң болғаны. Экологиялық таза, қолдың жұмыртқасы болған соң сұраныс жақсы. Қора-жайды жылы ұстап, жем-суын жеткілікті мөлшерде беріп отырсаң, қыста да жұмыртқалайды.

Қорегін уақытылы беріп, жайлы орынға орналастырсаңыз бұл құс аса бір қатты жағдайды талап етпейді. Үй тауығының жұмыртқасы да еті де зиянсыз. Өйткені не жеп, не ішіп жатқанын көзімнен көріп, үнемі бақылап отырамын. Қазір табыс табуға бар мүмкіндік жасалған. Бастысы ниет болуы тиіс. Бұйыртып, қора-жайды кеңейтіп, тауықтың басын көбейтуді жоспарлап отырмын. Осы кәсіпке қолым тимей жатқанда балаларым да бір жағынан шығысып тұрады. Тауық өсіру де табысты кәсіптің бірі», – деген кәсіпкердің сөзінен жұмысына деген ыждахаттылық аңғарылады. Осындай батыл қадам жасаған кәсіпкердің үйі ырысқа, қорасы құсқа толатынына біз де сенеміз.

П. ЖЕҢІСХАН.

Мемлекеттік қызмет

Жұмыс қорытындысы баяндалды



Жуырда «Қызмет лайф» жобасы аясында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы тікелей эфир өткізіліп, Сарқан ауданының Қарабөгет ауылдық округінің әкімі А.Дюсембаев Қарабөгет ауылдық округі бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратымен және 2024 жылдың 7 айында атқарылған жұмыс қорытындысын баяндады.

Сарқан ауданы әкімі аппаратының қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесі.

Судағы қауіпсіздік



Адам өлімінің 2 фактісі тіркелді

Жетісу облысы су айдындарында адам өлімінің 2 фактісі тіркелген. Маусымның басынан бастап су айдындарында төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушылары 22 адамды, оның ішінде 6 баланы құтқарды. Құтқарушылар жеке бассейндер мен демалыс аймақтарының қызметкерлерімен судағы қауіпсіздік бойынша практикалық және теориялық сабақтар өткізуде. Қазіргі уақытта барлығы 19 нұсқаушы оқытылды.

Жетісу облысының аумағында 13 қала сыртындағы лагерь бар. 3-21 маусым аралығында Қарлығаш, Тамшыбұлақ, Алтын Чажа, Жансая, Жылан, Көк төбе, жеке Жетісу Шағала, Оффлайн демалыс, Бастау, Қарлығаш, Zhylandy Ethno Camp, Zhylandy Ethno Camp1 сауықтыру лагерлері өз жұмыстарын бастады. Облыс аумағында 5 277 бала лагерьлерде демалуда. Сонымен қатар, 235 бала Балқаш көліне және 150 бала Қапшағай су қоймасына барды. Балаларға шомылуды бастамас бұрын ТЖД қызметкерлері судағы қауіпсіздік бойынша нұсқаулық өткізді.

БАС ЖОСПАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ КӨРСЕТКІШІ 100%

Жетісу облысы елді мекендерінің бас жоспармен қамтамасыз етілу көрсеткіші 100%.

2024 жылы Ақсу ауданы Жансүгіров, Сағабүйен, Сағакүрес ауылдары, Ескелді



ауданы Қарабұлақ ауылы, Қаратал ауданы Үштөбе қаласымен Кальпе ауылы, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылының, Сарқан ауданы Сарқан қаласымен Лепсі ауылының, Балқаш көлінің жағалау аймағымен Алматы-Өскемен республикалық маңызы бар тасжолының, Талдықорған қаласы әуежайының және Талдықорған қаласының қала құрылыс құжаттамалары бойынша әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Сәулет және қала құрылысы басқармасының бөлім басшысы Асанәлі Жанабайдың айтуынша, интернет-порталын құру мақсатында өңірде электрондық «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы» әзірленген. Осы жұмыстардың шеңберінде барлық елді мекендердің мекенжайларын түгендеу бойынша жұмыстар орындалды. Сонымен қатар, электрондық картаны өзектендіру мақсатында тоқсан сайын жаңа салынған объектілерді енгізу жұмыстары ұйымдастырылады.

39 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылды

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша 2024 жылдың бірінші жарты-жылдығында Жетісу облысының жеке және заңды тұлғаларынан барлығы 739 өтініш келіп түсті.

- қаралғаны - 672 өтініш;
- қайта бағытталғаны - 29 өтініш;
- қарауда - 38 өтініш.

Сондай-ақ, ішкі мемлекеттік аудит департаменті 26 мың теңгеге жуық әкімшілік айыппұл салды.

«Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша аудит объектілерінің 39 лауазымды тұлғалары тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 2 лауазымды тұлға атқаратын лауазымынан босатылды», - деп хабарлады облыстың ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары Талғат Төлтебаев.



бесплатно застрахованному пациенту», - поделился ангиохирург Жанғали Ембердиев.

Жительница города Талдықорған Шолпан Батикбаева воспользовавшись возможностями ОСМС провели данную операцию которая избавилась от многолетней боли в ногах.

«Я пришла на консультацию в клинику «Альсана», врачи провели УЗИ и другие необходимые обследования и было принято решение провести операцию. После чего в плановом порядке, в рамках ОСМС, абсолютно бесплатно мне провели лазерное удаление варикозных вен. И уже через два дня почувствовала разницу. Прошли отеки, боли которые беспокоили меня на протяжении многих лет», - говорит она.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования».

Здоровье

ЛЕЧЕНИЕ ВАРИКОЗА ЛАЗЕРОМ В РАМКАХ ОСМС В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

Варикозное расширение вен – это распространенное заболевание, которое затрагивает значительное количество людей по всему миру. В Казахстане лечение варикоза становится все более актуальной темой, особенно в контексте обязательного социального медицинского страхования. Сегодня одним из наиболее эффективных методов лечения варикоза является лазерная терапия. С текущего года в Талдықоргане в медицинском центре «Альсана» широко применяется данная процедура и доступна она жителям в рамках ОСМС.

Лазерное лечение варикоза представляет собой минимально инвазивную процедуру, при которой используется лазер для коагуляции и закрытия

поврежденных вен. Процедура проводится под местной анестезией и обычно занимает менее часа. После чего пациенты могут возвращаться домой к привычному образу жизни, но уже без тяжести и усталости в ногах.

«Преимуществом лазерного удаления варикозных вен является малоинвазивность, то есть процедура не требует больших разрезов, что снижает риск инфекции и ускоряет восстановление. Пациенты уже после процедуры надевают компрессионные чулки и могут возвращаться домой. Данная операция подходит людям с сахарным диабетом



и противопоказаниями на общий наркоз. Операция по направлению проводится в рамках ОСМС, абсолютно

В последнее время участились вопросы от индивидуальных предпринимателей, которые должны оплачивать взносы на ОСМС, как и другие обязательные платежи. В Фонде подготовили разъяснения по наиболее популярным темам обращений.

1. Сколько нужно платить ИП на обязательное социальное медицинское страхование в 2024 году?

Индивидуальные предприниматели и граждане, занимающиеся частной практикой, наряду с другими социальными отчислениями платят фиксированные взносы на ОСМС. Размер взносов составляет 5% от 1,4-кратного размера МЗП, то есть $5\% * (85\ 000 * 1,4) = 5\ 950$ тенге (в 2024 году).

2. Как ИП платит на ОСМС в качестве работодателя?

Если у ИП есть наемные работники, то за них необходимо оплачивать:

- отчисления в размере 3% от заработной платы работников, но не более 25 500 тенге (от 10 МЗП, т.е. 850 000 тенге в 2024 году), за счет работодателя;

- взносы в размере 2% от заработной платы работников, но не более 17 000 тенге (от 10 МЗП), за счет доходов работника.

Перечислить платеж на ОСМС можно через любое отделение или мобильное приложение банка, кассы АО «Казпочта». Код назначения платежа (КНП): отчисления – 121, взносы – 122.

3. Платит ли взносы на ОСМС индивидуальный предприниматель, одновременно являющийся наемным работником?

Да, поскольку того требует Закон «Об ОСМС» (пункты 3 и 5 статьи 28). То есть он оплачивает взнос как ИП (5 950 тенге), а также 2% от своей заработной платы в качестве наемного работника.

Освободить от уплаты взносов ИП может только официальное приостановление его деятельности или признание бездействующим (согласно налоговому законодательству).

4. Нужно ли платить ИП на ОСМС, если у него есть инвалидность?

Нет, так как он относится к льготникам. Также не уплачивает взносы ИП, если входит в категории: дети до 18 лет; пенсионеры, в том числе участники и инвалиды ВОВ; многодетные матери, имеющие подвески «Алтын алқа», «Күміс алқа», звание «Мать-героиня», орден «Материнская слава» I и II степени; лица с инвалидностью; очно обучающиеся в школах, лицеях, колледжах, вузах, магистратуре.

ТОП ВОПРОСОВ ПО ОСМС ОТ ИП

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ | ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

ВОПРОСЫ ПО ОСМС ОТ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

QOLDAU 24/7 | 1414 | SAQTANDYRYBOT

5. Нужно ли платить за ОСМС женщине в декрете, если у нее ИП?

Статьей 26 Закона «Об ОСМС» определены 15 категорий, за которых взносы уплачивает государство. В их числе неработающее лицо (один из законных представителей ребенка), воспитывающее ребенка / детей до трех лет. Этой же статьей определено, что под неработающими понимаются лица, не осуществляющие предпринимательскую или трудовую деятельность и не имеющие дохода.

Соответственно, имея действующее ИП, деятельность которого официально не приостановлена, женщина в декрете не сможет входить в льготную категорию. Поэтому должна уплачивать взносы на ОСМС.

Также она может закрыть или приостано-

вить предпринимательскую деятельность официально. Это позволит ей затем войти в льготную категорию.

6. Беременная женщина открыла ИП, чтобы получить выплаты за рождение ребенка. Почему она утратила статус в ОСМС?

Если женщина ранее не работала, то при постановке на учет по беременности она вошла в льготную категорию «Неработающая беременная женщина». Взносы за нее при этом оплачивает государство, поэтому она была автоматически застрахованной. Однако, как только женщина зарегистрировала ИП, то она перестала быть «неработающей», поскольку начала официально предпринимательскую деятельность. В этом случае она теряет льготный статус.

7. ИП является бездействующим, доходов нет. Нужно ли в таком случае платить взносы?

Да, в системе ОСМС обязанность по уплате платежа возникает по факту наличия действующего ИП и не зависит от дохода. Освобождены от оплаты взносов ИП, которые приостановили представление налоговой отчетности или признаны бездействующими (в соответствии с налоговым законодательством РК).

8. Можно ли ИП платить взносы после отчетных месяцев?

Платить взносы можно как ежемесячно, так и авансом за будущий период. Если же оплачивать позже, то образуется задолженность, и ИП утратит статус в ОСМС. К тому же, органы государственных доходов начисляют пеню за просрочку платежа.

При оплате важно без ошибок указать ИИН, ФИО, сумму платежа, иначе взносы могут вернуть. Проверьте возврат средств в течение 2-3 рабочих дней.

9. Может ли ИП не оплачивать взносы на ОСМС, если обращается в частные клиники?

Закон обязывает индивидуальных предпринимателей оплачивать взносы на ОСМС, как и другие обязательные платежи в бюджет. Поэтому отказаться от уплаты взносов нельзя.

Напоминаем, что система ОСМС позволяет обслуживаться и в частных клиниках. Кроме того, в государственных поликлиниках сейчас существенно улучшились доступность и качество оказания медпомощи. По ОСМС при наличии показаний предусмотрены консультации узких специалистов, анализы, инструментальная диагностика, плановая госпитализация. При этом ограничений в объеме и стоимости в получаемых медицинских услуг нет.

10. Гражданин закрыл ИП. Теперь ему не нужно оплачивать взносы на ОСМС?

Если деятельность индивидуального предпринимателя полностью прекращена, то гражданин перестает оплачивать взносы в качестве ИП. Но для сохранения статуса застрахованного в системе ОСМС он может оплачивать взносы как самостоятельный плательщик (в 2024 году по 4 250 тенге ежемесячно). Если же он является наемным работником, то взносы будет перечислять его работодатель в размере 2% от заработной платы.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страхования».

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ҚАЛАЙ САТЫП АЛЫНАДЫ

Бүгінде медициналық көмекті сатып алу кезеңдері автоматтандырылған. Бұл процедураның өзін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Іріктеу критерийлері енгізіліп, адам факторы алынып тасталады, процестердің ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Медициналық қызметтерді сатып алу рәсімдері қайда өтеді?

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекске сәйкес, денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ жүзеге асырады.

2020 жылдан бастап Қор «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сатып алу веб-порталында электрондық форматта сатып алуды жүргізеді» (<https://fms.ecc.kz/>).

Медициналық көмектің түрлері мен есептеу тетіктерін ескере отырып, автоматтандырылған көлемдерді бөлу 2020 жылдан бастап кезең-кезеңімен енгізілді. 2021 жылға арналған сатып алуды автоматтандырылған режимде өткізу кезінде жеткізушілер арасында сатып алу

жоспарының 40%-ы, 2024 жылға арналған сатып алу кезінде-88%-ы, атап айтқанда, сатып алу жоспарында көзделген 2,5 трлн теңгенің 2,1 трлн теңгесі бөлінді.

Электрондық сатып алу не береді?

Медициналық қызметтерді сатып алуды жүргізу және сатып алу шарттарын жасасу ақпараттық жүйелерде жүргізіледі. Бұл адам факторын жоюға және процестердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді және негізгі принциптер сақталады: - азаматтардың медициналық көмекке тең қолжетімділігін қамтамасыз ету; - клиникалар арасындағы бәсекелестікті дамыту және шарт талаптарын сақтау бойынша мониторингті жақсарту есебінен медициналық қызметтер көрсету сапасын арттыру.

Медициналық көмекті жеткізушілерді іріктеу қалай жүргізіледі?

Медициналық көмек көлемін автоматтандырылған бөлу алгоритмі бар. Ол бірқатар критерийлерді (индикаторларды) және медициналық ұйымдар қызметінің рейтингтік бағасын ескереді. Оның негізінде Денсаулық сақтау

министрлігі бекіткен әдістемелер бар.

Критерийлерді есептеу үшін ҚР ДСМ ақпараттық жүйелерінің деректері пайдаланылады («Ресурстарды басқару жүйесі» АЖ, «Медициналық техниканы басқару жүйесі» АЖ, «Тіркелген халық регистрі» АЖ, «Диспансерлік науқастардың электрондық регистрі» АЖ, Тіркелген халық регистрі» АЖ).

Бұл қандай критерийлер?

Бағалау критерийлерінің бірінші бөлімі – ресурстық базаның көрсеткіштері. Дәрігерлермен (тұтастай алғанда ұйым бойынша және жекелеген мамандықтар бойынша) жасақталуы, ғимараттардың, медициналық техниканың тозу үлесі бағаланады.

Бағалау критерийлерінің екінші бөлімі - менеджмент деңгейі және медициналық көмек көрсету сапасы. Жұмыс тәжірибесі, негізделген шағымдардың болмауы немесе болуы, шарттар бойынша орындаушылық тәртіп, медициналық ұйымда аккредиттеудің болуы бағаланады.

Содан кейін осы көрсеткіштер бой-



ынша медициналық ұйымның рейтингтік бағасы есептеледі.

Рейтингтік бағалаудан басқа, көлемді автоматтандырылған бөлу алгоритмі тәулік бойғы және күндізгі стационарлардың төсек қорының өткізу қабілетін, медициналық техниканың өткізу қабілетін, бекітілген халықтың, бекітілген контингенттің (диспансерлік науқастардың, азаматтардың жекелеген санаттарының) санын ескереді.

Айта кету керек, жеткізушілердің қызметін бағалауда стандартталған тәсілдерді қолдану, автоматтандырылған бөлуді жетілдіру және жүйелеу адами факторды қоспағанда, медициналық қызметтер көлемін бөлудің ашықтығын қамтамасыз етеді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

ЖӘМЕНТІК АТА - КӨТЕНТӘУІП ІЛІМІНІҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ

Әкем Жұмағали екеуіміз атпен көшеде бізге қарсы келген салт атты ақсақалға жолығып қалдық. Әкем атынан түсіп ақсақалға екі қолын созып амандасты. Маған қарап, балам Жәментік атамен амандас дегеннен кейін мен де қолымды беріп амандастым. Торы биесі биік екен. Жәментік ата да маған кең иықты, кең жауырынды, келбетті, батыр тұлғалы адам ретінде көрінді. Әкеме: «Мыңтеңгенің ұлы Жұмағалимысың» деп күліп қолын алып жатты. Үйге келгеннен кейін әкем маған Жәментік ата туралы көп әңгімелер айтты. «Жәментік атам Көтентәуіп бабамыздың ілімін ұстаған адам. Кісі емдейді. Көп аңдардың, құстардың тілін білетін қасиетті жан. Біздің ауылға сүзек, қылша ауруы келгенде бүкіл халықты, соның ішінде балаларды да осы кеселге бермей, аман-есен жазып, емдеп алып қалды. Елге сыйлы атаңды көргенде қол беріп амандасып жүр» деп ақылын айтты.

Әкемнің тағы бір әңгімесінде айтқаны, қырман басында Жәментік атаға құрдастары: «Сені тәуіп, бақсы, балгер, көріпкел, құстармен, жан - жануар, жыландармен сөйлеседі дейді, сол өнеріңді көрсетсеңші жұртқа» деп келеке қылып, қалжыңдапты.

Түс кезі, әйелдер жағы қара көже дайындап, шай қайнатып, ірімшік, құрт, женттерді дайындап жатқан кезде Жәментік ата бізге қарап: балалар егер жыландар қорықсаңдар өгізге мініп алыңдар деп дұға оқи бастады. Дұғамен қоса ұсқырықша шырылдаған дыбысты қосты. Бір кезде шыбын - шіркей, құрт - құмырсқа, шегірткелер, артынан жыландар қаптап кетті. Біз қорыққанымыздан өгізге мініп алдық. Әйелдер шошынып бір жерге жиналып қалды. Сонда қорыққан жаңағы құрдастары: «Әй, Жәментік сенің қасиетіңе сендік, енді мыналарыңды өкет» деп азар да безер болады. Жәментік атамды дұғаларын оқып, жыландарды, басқа жәндіктерді артқа қайтарыпты. Бір сөзінде «заман өзгерді ме, кейбір жәндіктер оқыған дұғаға келмейді, бағынбайды» депті. Бір күні Жәментік ата қайтыс болды деген хабар келді. Халық көп жиналып, жоқтау айтып, бір - бірімен көрісіп жатты. Біздің жақтың ырымы бойынша мәйітті шаңырағына бір күн жатқызып, түнімен құран аударылды. Осылайша Жәментік атыны да жөнелтпек болып ертеңінде көрін қаздырып дайындапты. Кебін кідіретін шақта Жәментік ата тіріліп кетеді. «Бісіміл» деп жан - жағына қарап, «мен кайдамын?» деп сұрапты. Жәментік атадан қорыққан халық үйден қашып шығады. Содан атаны әулие, әмбиеге балап, бұл оқиғаны жыр қылып айтып жүрді. Армияға кетіп, Үштөбеде медициналық тексеруден өтпей ауылға қайтып келген балаларға құрдастары «Жәментік атаң сияқты қайтып келіспіз ғой» деп қалжыңдап жататын. Атамды Найман Садырдың Кенжебайы, тұрағы - Талдықорған облысы, Үйгентас ауданының Көлбай ауылының тұрғыны. Аласапыран отызыншы, сұрапыл қырқынышы жылдары жұртта қалған қатын - қалаш, кемпір - шал бала-шағаға сүйеу болып, дәм берген қайратты жандардың бірегейі. Емшілігіне қоса, сенімді жерлерде жабырқаған елдің көңілін көтеру үшін кей - кейде сиқыр, көз байлау өнерін көрсетіп жатады екен, Болат ағам, бір жылы Жәкен Жалқамыстың басында Тастұма деген жерде жайлаудан түсіп, қоныстанып жатқан нағашым Дүйсенбектің үйінде отырған. Күн қапырық ыстық, оның үстіне шаңқай түс болатын. Үй жанынан Мүшебай деген ақсақал шауып алған бір арба қамысы бар, қырындан өтіп бара жатты, Жерошақтың басында жүрген әкем:

Мүшеке, түсіп шәй іш, шөлдедің ғой, - деп дауыстады. Сірә, естімесе керек, ол кісі ат басын бұрмады. - Жау қуып бара ма? Ауылға жеткенше түтігіп өледі ғой, шәй ішіп кетсе қайтеді, - деп атам да ренжіп тұр. Сол кезде Жәментік ақсақал маған бар дауысыңмен бөліп - бөліп, «Ата!» деп айғай сал,- деді. Мен айтқанын істедім. Сол сәтте Мүшекен арбасынан домалап түсіп, атын доғара сап, артқан қамысын сабалай бастады. Бұл көрініске аң - таң боп қарап тұрған мені ол кісіні шақырып келуге жұмсады.

- Ата, жүр, шәй іш, - деп едім, ол кісі «А» - деп соңымнан үнсіз ере берді. Үйге кіріп, Жәкенді көріп, білген соң ғана:

«Әй, Жәментік, сен екенсің ғой, - деп күліп, болған істі айтып жатты. Сөйтсек, мен айқай салған кезде Мүшекеннің көзіне үсті өртеніп жатқандай көрінді...»

Күлшекен Қалқабекқызы апамыз да басынан қатты ауырып жүріпті. Жәментік ата апамыздың төбесін қырып тастап, қандауырман басып, шапақтап кесіп, оған кішігірім банкке спирт жағып, сарысу алды, одан кейін қан алды дейді. Содан бері апамыз бас ауруынан құлан - таза айығып кетті.

Бөкен ағамыздың қарындасы Майра Әлкеміздің аяғы ісіп кетіп, жүре алмай жатып қалады. Оны көрген Жәментік атамды орыс мәйітін басып кетіпсің деп дұғасын оқып, жазыпты.

Жәментік ата Найман, Садыр, Алдияр, Кенжебай, Барақ батыр. Нәдір. Жәментік атаның бір бәйбішесі, екі тоқалы болған. Бәйбішесі Тұрлыдан Салмен деген қызы, бірінші тоқалынан (Күлән) Бақыт деген қызы, Сараш деген ұлы бар. Екінші тоқалы Әлиманнан Асамұрат аға тарайды. Жәментік ата Көтентәуіп ілімінің соңғы тұяғы.

1945 жылы желтоқсан айында Көлбай, Тастұма, Қызылқайың, Санмұрын ауылының барша баласы айналасы 3 - 4 күнде біріне қызылша шығып, қатты ауырып қалады. Одан кейін сүзек ауруы айналдырады. Сол жылы көптеген балалар шетінейді. Осы қауіпті күндерде Жәментік ата нағыз Көтентәуіптің мұрагері екенін дәлелдеді. Әрбір үйдің құпиясын сақтап, әр нәрсеге сақтықпен қарап, қазанға қайнатып, итмұрын, жусан, мия, ермен, бал қосып дәрілер жасайтын. Жасырын келіп, осы дәрілерді әрбір балаға ішкізіп емдейді. Балалар жатқан үйге 40 шырақ жағылатын. Балалардың тамырын ұстап «От - ана, Жер - ана, Көк - ана, Әулие, Әмбие Назбура анам, Көтентауіп атам!» деп аруақтан демеу сұрап, Тәңірге жалбарынып балалардың тез жазылып кетуін тілейтін дейді көзі көрген қариялар. Сол Жәментік атаға көмектесіп, дәрі қайнатып жүрген аталарымыз бен әжелерімізді, жеңгелерімізді ұмытпауымыз керек. Олар: Шәрипа апа, Зағипа апа, Күмісжан тәте, Сана ана, Күлшекен апа, Әушари апа, Багила тәте, Зәукеш шешем, Зейнеп тәтелер, т.б. Колхоз басқармасы Сембай Мұсатаев, бас есепші Мәлік, Айт, Мұқажан, Мұғалімдер Жанیمان, Мұқаметқали, Нұғман, Сұлтан ақсақалдар бар. Көпшілікті ұйымдастырып, дәрі шөптерді таптырып, халықты сабырға шақырып, халықты ұйымдастыра білді дейді көзі көргендер. Сол кеселінен аман - есен айығып кеткен балалар Бейсебек, Құрманғали, Нұрасыл (Витка), Әсілбек, Жексенбек, Бағади, Емілтай, Мағдан, Сәрсенбек, Сәбет т.б. Осы Жәментік атасына мың да бір алғыс айтып, әрбірі бір - бір шаңырақ иесі болып, балалы - шағалы болып, үрім - бұтағын өрбітіп отырған жандар деп білеміз. Атамды жалғыз біздің ауылды емес, Қарабөгер, Бақалы, Қорған, Қойлық, Шатырбай сияқты елді мекендерге барып, тыным таппай, аттан түспей ем - домын жасап, қанша халықты аман сақтап қалды. Жәментік атамның қазақ халқының көне дәрігерлік құпиясын жетік білгеніне қайран қаласың да, мойндайсың.

Бұл жерде ауылымыздың басқармасы жасаған жақсылығы ерекше. Ауылымызға қиыншылық келген кезде халықты ұйымдастырып, сабырға шақырды. Жәментік атаға жасаған жақсылығы ата жұмысқа шықпай қалса түсіністікпен қарап, еңбекке жазып, емшіге деген қамқорлық жасаған. Әсіресе, Жәментік атаны қорғап, қоршап, ел ішінде жүрген жансыздарды басып отырды дейді көрген жұрт.

Кінәзбек ақсақал милиция жөнетіне қастық ұрлап келе жатқанда ұсталып, бір қоймаға қамалып, кешкісін Андреевқа апармақшы болады. Сол кезде Кінәзбек ақсақалдың бәйбішесі қойманың астын тесіп, Кінәзбек ақсақалды шығарып алады. Қашып кеткенін көрген милиция ат сұрап Сембай басқармаға келсе, басқарма аяғы ақсақ атты бергізеді. Ақсақ атты мінген милиция Кінәзбек ақсақалды қуып жете алмайды. Кінәзбек ақсақал сол кеткеннен Қызылордадан бірақ шығады. Сембай ақсақал мен бәйбішесі Күмісжан апамыз да қасиет қонған адамдар болған. Бір күні Сембай ақсалдың үйінде бір оқиға болады.

Сол күні Сәбетқан ағамыздың әкесі Баймолда терең молда болған адам Сембай ақсақалдың үйінде қонақ болып жатады. Түннің бір уағында Бимолда ақсақалдың аяғын біреу басып кетіп, артына кетті, екетті деген дауыс естіледі. Терезеден біреу түскендей болып, түн ортасында шыққан оқыс дауысқа елең етіп ояңған Сембай ақсақал балаларына қарайды. Балалар түгел, Сембай ақсақал үйді аралап шықса, қасында жатқан бәйбішесі Күмісжан апай жоқ болып шығады. Даланы іздеп, таба алмайды. Содан Ащылыөзек жақтан ағараңдаған бір нәрсені көзі шалады. Су ағыл - тегіп тасып жатыр. Зер салып қараса, Ащылыөзектің арғы жағында отырған Күмісжан апайды көреді. Дерев сол үйдің көк биесін ерттей салып, молда атамды дұғаларын оқып, Күмісжан апамызды алып келеді. Өзен тасып жатыр, апамыз арғы бет-

ке қалай өткен? Киімі құрғақ, бұл да түсініксіз тылсым дүние, ешкім білмейді. Сембай атамды зейнетке шыққаннан кейін ауырып аудандық ауруханаға түседі. Бір күні Сапарғали ағаға аурухана дәрігері телефон шалады. «Өкеңізге қатысты түсініксіз жағдай болып тұр, келіп кетіңіз» дейді. Аудандық ауруханаға барған Сапарғали ағамызға дәрігерлер әкесінің бір орнында тұрмай, мылтығымды әкеліңдер деп айғай салатынын, егер мылтығымды әкеліп бермесендер терезеден секіріп өлемін деп қорқытатынын айтып береді. Сапарғали ағамыз Витка (Нұрасыл) ағамыздың автокөлігімен әкесін үйіне алып қайтады. Жолда әкесіне не болды деп жөн сұрайды. Сембай ақсақал кезінде колхоз басқармасы Миргородский, жүргізуші Химич, Сәтібай Қарамендідегі малшыларды аралайды. Қарамендіден қайтып келе жатқанда жүргізуші қасқыр - қасқыр деп айғайлайды. «Мен екі ауыз мылтығымды алып қасқырды атып салдым. Барып қарасақ қасқыр болмай шықты. Буаз елікті атыппыз. Мен өкініп қалдым. Сол қасқыр қайта - қайта елес болып келіп жүр» депті баласы Сапарғали ағаға. «Сол елікті атып алғаннан кейін мылтықты ұстамайтын болдым» депті. Сембай ата бәйбішесімен, бала - шағасымен бақытты ғұмыр кешіп, Алла тағаланың берген жасын жасады. Ол кісілерді де өз көзімізбен көрдік.

Сапарғали ағамыз да әкесіне ұқсап, Смылтық ұстап, аю атып алғанын білетінбіз. Дойбыны да жақсы ойнады. Ауылымыздың ақсақалы болғандықтан батасын алайын, ақылын тыңдайын деп Сапыш ағаға жазып жатқан кітабымды оқып бердім. Менің көлігіме тапжылмай 6 сағатқа жуық отырдық. Сапыш ағамыз білген ақылын айтып, өзі естіген әңгімелерін қосып, батасын берді.

Ол кісіден естіген бірінші әңгімем, Шұбарда жылқышылар Жекебатыр ата, Әбіхан ата, Қапен ата, түйеші Бабиман атаның алдынан бір түлкі қаша жөнеледі. Сол түлкіні бақылап тұрған аталарымыз қуып береді. Ол түлкі бір інге кіріп кетеді. Түлкінің ініне от жағып, түтін салып шығармақшы болады. Сол кезде інің қасында тұрған аттар төлтірек - төлтірек етіп, бірінен соң бірі жерге құлайды. Сол кезде Әбіхан атамды мына ін Суыр Баба әулиенің зираты депті. Ақсақалдар отыра қалып Суыр Баба әулиенің зиратына Құран оқиды. Құран оқығаннан кейін аттар сілкініп, орнынан тұрған екен.

Екінші әңгіме, Көтентәуіптің шырақшысы Нүсіп бақсы Медеш ағаның апасының - туысқандары болып келеді екен. Шұбарда қой ұрықтандыруға барған Медеш аға Нүсіп атаға құмалақ ашып беруін өтінеді. Нүсіп ата: «Мен қырық күнге бабамыздың сынағына ұшырадым. Қырық күнге дейін құмалағым жауап бермейді. Мені Көтентәуіп бабамыздың қырық күндік сынаққа салғаны ауылдан баба шырақшыларына деп ағайындары қырық қорап үнді шайын салып жіберіп еді. Пендешілікке салып сол үнді шайының жартысын үйіме алып қалып едім, сол шайды шырақшыларға қайтып апарып бердім» дейді. Үйіне келген Медеш аға апасына Нүсіп атаны көргенін әңгімелеп береді. Апасы Нүсіп атаның құмалақ ашпай-ақ көріпкелдікке салып айтып беретін қасиетін айтады. Сол кезде көршісі Ғалым аға сөздерін бөліп: «Мен Нүсіп атаны жақсы танимын. Алып бара жатқан қасиеті шамалы, көбінесе жорамалмен өтірік айтады» дейді. Бір күні Нүсіп ата Ғалым ағаны көріп қалып, өзіне шақырады. Елдің көзінше «қолыңдағы сағатты бір көзі жоқ жарымжан жігіттен алдап алыпсың ғой, ол жігіт саған ренжүлі, сағатын өзіне қайтар. Бұл сағат саған жақпайды, апарып бермесен, сынақтан - сынаққа ұшырайсың. Тағы бір айтарым, сен баласы көп бір жігітке тізенді батырып, аузыңа келген қырсық, қыңыр сөздерді айта-тын көрінесің. Ол кісінің ата - бабасы қасиетті болған. Аруақ атады сені» депті.

Ғалым ағамыз Ораз ағаға сағатын апарып беріп, Сәбет Аитов ағадан кешірім сұраған екен.

Көтентәуіп бабаның кесенесіне бұрылар жолда:

Ей, адамдар,
Бәрі бекер тіршілікте жиған мал,
Тіріде нысап, өлгендерде иман бар.
Жолың болсын жорытқанда, аманда,
Аруақтарды ардақ тұтып сыйландар!
Аруақтарды ардақ тұтып сыйламай, аруақ атқан пенделер де болған, қазір де арамдыда бар.

Көктерек ауылының маңында Қаратау, Қырыққұдық, Үмбетай, Бесеудің жазығы деген жерлер бар. Осы Көктерек ауылының маңында бай манаптың еріккен балалары ат бәйгесін ұйымдастырады. Көтентәуіп бабамыз жатқан жерге келіп 5 жігіт дәрет сындырып,

соны көрген жігіттердің біреуі: "Ей жігіттер, мыналарың не, мына жерде әулие бабаларың жатқан жоқ па, оған елірген жігіттер сөзіне құлақ аспайды. Дәрет сындырған 5 жігіт аттарына мініп алып, жарыстың қызығына түсіп, шаба жөнеледі. Өлгі қалып қойған жігіт бабаға Құран оқып, кешірім сұрай ауылға қайтып оралады. Көрген - білгенін ауыл қарияларына айтады. Бесеудің артынан үлкен жел соғып, құйын қуып кетеді. Сол жігіттер ауылға қайтып оралмайды, не аттары, не жігіттердің өзі табылмай, сол соққан желге, құмға көміліп қалады. Бұл әңгімені Көктерек ауылының азаматы Темірғали Омарғалиұлының үйінде бір ақсақалдан естідім. Содан бері сол Қаратаудың арғы беті «Бесеудің жазығы» деп аталады екен.

Ұлы Отан соғысының алдында Алматыдан бір топ адамдар келіп, оны бастап келген татар келіншегі Бөрлітөбе ауданының хатшысына осы маңда жатқан Көтентәуіп кесенесін құлатуды, бұл жарлық жоғарғы жақтан бекігенін айтып, баба жатқан жерге апаруды сұрайды. Бірақ аудан хатшысы ол жерге бармауын, ол жерде Көтентәуіп әулиенің аруағы жатқан жер, киелі мекен екенін айтып, иландырмақ болады. Татар келіншек өзінің коммунист екенін айтып, «осы аңызға сенгендерің осы жерде қалыңдар» деп, Алматыдан мініп келген көлігімен баба жатқан жерге жүріп кетеді. Бабаға бұрылар жерде көлігі өртенеді. Жүргізушісі екеуі жолда қалады. Қыс кезі, кезіккен атшананы тоқтатып, тәуіп бабаға апаруын сұрайды. Бірақ ат жүрмей шананы сүйреп алып қашып, татар келіншек сол жерде жығылып, аяқ - қолы тартылып, қайтыс болады.

1998 жылдың көктемінде І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың профессоры Келгенбай Жиенбайұлы Төлеуаев мені шақырып алып, Алакөл ауданының Ақши ауылына апарып келуін сұрады. Екі көзі нашар көріп жүргенін жасырған жоқ. Балық майын тамызса жазылып кететінін айтты. Жол - жөнекей Талдықорғанға келген Арыстанды ала кеттік. Талдықорғаннан шыққаннан кейін сол жақ жотада жатқан Жалайыр Сарғалдақұлы Қоғыл көріпкел әулие бабамызға, одан кейін Жансүгіров ауылына жетпей Матай Байқотанұлы, Ақшора Шаппа, Көтентәуіп бабамызға, Діңгек ауылында жатқан Байбол баласы Рай - би әулие, Тәуке Матақбай бабаға құран бағыштадық.

Келгенбай Жиенбайұлы Арыстан Кекеуімізге риза болып, батасын беріп, Көтентәуіп баба туралы әңгіме бастады. Ол Бөрлітөбе жақтың тумасы еді. 1942 жылдың қысында Көктерек ауылында басқармалар жиналысы болды. Жиналыс біткеннен кейін басқармалар жартысы Лепсінің сол жағымен, жартысы Лепсінің оң жағымен кетеді. Оң жағалаумен кеткен басқармалар Көтентәуіп бабамыз жатқан жерге келгенде жігіттердің біреуі «бабаға бұрылып, құран бағыштайық» дейді. Оған көк айғыр мінген басқарма ызаланып: «Не айтып тұрсыңдар, бір - бір партбилеттерін бар, коммунист емессіңдер ме, қайдағы әулие, қайдағы тәуіп деп көк айғырын бір тартып, шаба жөнелді» дейді. Жігіттер бабаға бұрылып Құран оқып келсе, жолда жығылып жатқан басқарманы көреді. Аяқ - қолы тартылып қалыпты. Астындағы көк айғыры да құлаған екен. Жерде жатқан басқарма бабырлап жігіттерден Көтентәуіп бабаға апаруын сұрайды. Бабаға апарып құран оқып, кешірім сұрап, ақша тастайды. Бірақ баба аруағы бұл пендені кешірмейді де, тастаған ақшасын жел ұшырып кеп, шекесіне қадайды. Сол басқарманың ұрпақтарынан әлі күнге дейін бір қисық - қыңыр бала дүниеге келеді екен. «Құдай атқан оңалар, аруақ атқан оңалмас» деген осы.

1980 жылдары Көлбай ауылынан екі «МТЗ-80» тракторымен Тілеубай Төлеубеков және Әділсерік Қыстамов көмір алып келе жатады. Тракторист ағаларымыз Лепсінен арақ - шарап алады. "Біреуін осы жерде, екінші арақты Көтентәуіп бабаның тұсына барғанда ішейік, үшіншісін үйге барғанда ішерміз" деп келіседі. Лепсіде бір шөлмекті ішеді, екіншісін бабаның басына барғанда ішеді де, екеуі тракторларына мініп, жүріп кетеді. Алдыңғы кеткен Әділсерік ағамыз артына қараса, артындағы трактор жоқ, артындағы трактор сынған екен деп артқа қарай жүреді, сол кезде екі трактор бір - біріне соғылады да екі тіркемесімен, көмірімен трактор сол жерде жанып кетеді. Өздері өрең дегенде аязға ұшырап қала жаздап, ауылға өрең жетеді.



Акция аясында 16 мыңнан астам балаға көмек көрсетіледі



1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында аз қамтылған, көп балалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылады. Облыстық басқармаларға көмекке мұқтаж 138 баланың тізімі бекітіліп, көмек көрсетіледі.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің №64 қаулысын іске асыру шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 24 453 баланы (1 балаға 43 407 теңге бөлінді) киіммен, кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджеттен 1 млрд.61 млн. теңге бөлінді. Қаражат 10 тамызға дейін ата-аналардың карта шотына толығымен аударылады», - деп толықтырды облыстық Білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов.

Абай- қазақтың ұлы ақыны

Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда Семей облысының Абай ауданы Сырт Қасқабұлақта дүниеге келген. Шыңғыстаудың аға сұлтаны Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжаннан туған. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, өзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті.

Құнанбай қажы Ескі тамда мектеп ашып, онда орысша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп тағайындайды. Мұнда өз балалары мен ауылдастарының балаларын оқытқан. Құдайберді, Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, Халиулалар осы мектептен сауат ашқан. Абай 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза мешіт-медресесінде оқиды. Медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол тек дін оқуын ғана емес, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен араб, иран тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссаларымен танысады. Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын ашты.

Абай өлеңдерін бала кезінен жаза бастады. Бірақ ақын ретінде XIX ғасырдың 80-шы жылдарының орта кезінен бастап таныла бастады. Ақынды қатты алаңдатқаны қазақтардың жағдайлары жаппай кедейленіп, қайыршылық халге түсе бастауы, патша үкіметі шенеуніктерінің шектен шыққан озбырлығы, жергілікті болыстардың парақорлығы мен қанағатсыз пайдакүнемдігі болды. Өзінің өлеңдерінде жақын туыстарына көмек қолын созбайтын сараң байларды сынады. Сонымен қатар жастық шуақ,

ғашықтық сезімді, табиғат көріністерін, адамның жан дүниесін бейнелі теңеу, психологиялық шеңдестіру арқылы шеберлікпен, төгілте жырлаған ақын.

Қазақ қоғамын ерінбей еңбек етуге, замандастарының бойындағы жаманшылық мінездерді: жалқаулықты, еңбексіздікті, көрсеқырарлықты, надандықты, жеткізе алды. Кедейшіліктен құтылудың тәсілі бар екендігі: егіншілікпен айналысу, қолөнер кәсібін дамыту, сауда-саттық жасауды үйрену екенін айтты. Ол былай деп жазды:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйреніп, ойлап, мал ізде, - деген.

Ол ұстаз, ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, сазгер, аудармашы, саяси қайраткер, либералды көзқарасын исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Ақын өз шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен.

Шығыс пен Батыс мәдениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, тілі, рухы көрініс тауып, «Абай әлемі», - деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

«Абай әлемі» – мәңгілік мұра, қымбат қазыналар қатарына жататындықтан, ғасырдан астам уақыт бойы сөз етіліп, әр алуан бағытта зерттеулер жүйесіне айналып келеді.

Нағима БОКУШБАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының архивісі.

Орманды өрттен сақтайық!

Қазіргі жаз айында өрт қаупі өте күшті. Әсіресе, бұл кезде орман алқаптарын өрттен көздің қарашығындай сақтауға тура келеді.

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Жекелеген тұрғындардың немесе орман жұмысшыларының бұл мәселеге үнемі жіті қарай бермейтінінен болады екен. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі — бірінші кезектегі мәселе.

Орман өртінің алдын алуға бағытталған үгіт-насихат тәрбие жұмыстардың түріне мектептерде, клубтарда, сауықтыру орындарында, туристік базаларда және басқа да бұқаралық мәдени орындарда оқылатын лекциялар, баяндамалар жатады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы орман алқаптарын өрттен қорғау жөнінде жиі айтып отыру керек. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде түрлі түсті плакаттар, хабарламалар арқылы өрттен сақтандырулар шаралары жасалған. Алайда осыларды орман маңында демалушылар ескере бермейді. Әр тұрғын мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық байлығы орманды тілсіз жау өрттен қорғауға, аман сақтауға елеулі ықпалын тигізеді даусыз.

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

Д. ЖЕТИБАЕВ,
Бөрлітөбе ОШКММ Көкжиде орманшылығының №19
айналымының орман-күтушісі.

Табиғатты қорғау – сіз бен біздің қолымызда

Орман – еліміздегі ең бағалы байлықтардың бірі. Сондықтан да мемлекетіміз осындай тұмса табиғатты күтіп ұстау, оны қорғау, түрлі табиғи апаттардан сақтау, өрттің алдын алу сияқты шараларды барынша тиімді жүзеге асырып келеді.

Алайда, табиғаттың бірден-бір жанашыры адам болуы тиіс. Осы мақсатта Бөрлітөбе ОШКММ-не қарасты Көкжиде орманшылығының орман-күтушілері белгіленген аймақтарына барып, тексеру жұмыстарын жиі жүргізеді. Жергілікті тұрғындардың басын қосып, қоршаған ортаны күтіп ұстау, оған залал келтірмеу мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі жүргізеді. Себебі, қоршаған ортаның таза болуы – сіз бен біздің қолымызда. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деген нақыл сөзде терең мағына бар.

Ал, орман-күтушілердің басты қызметі – орман алқаптарын зерттеу, оларды есепке алу, ағаштар мен бұталардың тұқымынан және көшеттерден орман ағаштарын өсіріп, жылда орманды жаңартып отыру.

Б. ТЕМИРХАНОВ,
Бөрлітөбе ОШКММ Көкжиде орманшылығының №22
айналымының орман-күтушісі.

Әдеп кодексі

Мемлекеттік қызметші этикалық нормаларды қатаң сақтауы тиіс



Мен Смағұлов Серік Құрманұлы Сарқан ауданы Көктерек ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарамын. Мемлекеттік қызмет атқаруды қоғам мен мемлекет тарапына айрықша сенім білдіру ретінде бағалап, Көктерек ауылдық округінің халқы алдындағы өзімнің биік жауапкершілігімді сезіне отырып, әдеп кодексін ұстанып – мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және жеке өміріндегі этикалық нормаларды дегеніміз – адалдық, ашықтық, әділдік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру сияқты принциптерді сақтау болып табылады.

Кодексті сақтау мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырып, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін күшейтеді. Сонымен қатар, ол қызметкерлердің өзара қарым-қатынастарын жақсартып, қоғам мен мемлекет мүддесіне адал қызмет етуін қамтамасыз етеді. Кодекстің талаптарын сақтау мемлекеттік қызмет жүйесін нығайтып, жалпы қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді деген сенімдемін.

Серік СМАҒҰЛОВ,
Көктерек ауылдық округінің әкімі.

Мемлекеттік қызметшінің міндеті

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасқаннан бастап мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, олардың әдептілігі маңызды, себебі әдептілік мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшінің моральдық бет-бейнесі мен этикасына айрықша көңіл бөлінуінің себебі – оның іскерлігін ғана емес, айналасындағыларға деген құрметі мен ізетін де жетілдіру. Себебі, мемлекеттік қызметшілердің білімі мен біліктілігіне және жүріс-тұрысына қарай қазіргі қоғамда халықтың атқарушы билік жайлы көзқарасы мен оған деген сенімі қалыптасатыны да белгілі.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметші еліміздегі тілдерге, салт-дәстүрлерге сыйластықпен қарап, әділ де заңды шешімдер қабылдауы, жалған ақпарат таратпауы, сын айтқаны үшін біреуді қудаламауы және мемлекет меншігін тек қызмет бабында пайдалануы қажет. Мұнан бөлек мемлекеттік қызметші жемқорлық фактісіне қатысты, тіпті, есімінің аталуына жол бермеуі, қол астындағыларды кемсітпеуі және қызметкерлердің барлығына құрметпен қарауы тиіс.

Бүгінгі таңда, Қазақстанның мемлекеттік қызметшісі халықтың мемлекеттік органдарға сеніммен қарайтын, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыратын бейне.

А. КАСЫМОВА,
Лепсі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Мезгіл мәселесі

Тамақтан уланудың алдын алу

Жаз айларының белгіленген ыстық ауа райына және жіті ішек инфекцияларымен, тамақпен уланумен және басқа да жұқпалы аурулармен сырқаттанушылықтың артуына байланысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық тамақтану және сауда объектілерінде тамақ өнімдерін дайындау және өткізу кезінде мынадай санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауды ұсынамыз:

- тез бұзылатын және басқа да тамақ өнімдерін сақтау, өткізу және тасымалдаудың температуралық шарттары; - тоңазытқыш жабдықтардың, желдету және ауа баптау жүйелерінің жарамдылығы; - тез бұзылатын және көп компонентті бұйымдарды қоса алғанда, аспаздық бұйымдарды дайындау және сату шарттары; - квас және басқа да сусындарды, балмұздақты, басқа да өнімдерді стационарлық емес сауда объектілерінде, оның ішінде демалыс орындарында, демалыс орындарында, саябақтарда, сауда объектілерінде сату шарттары; - тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық-ылғалдылық жағдайларын бақылауға арналған құралдардың болуы; - жеке гигиенасын және қолды мұқият жуу ережелерін сақтау; - дайын өнімнің шағын көлемін оларды одан әрі сату және тұтыну үшін өндіру.

Өнімдердің уақытынан бұрын бүлінуін және соның салдарынан тамақтан улануды болдырмауға көмектесетін бірқатар ұсынымдарды орындаңыз:

- азық-түлікті қайдан сатып алатыныңызға, оны қалай сақтайтыныңызға және дайындайтыныңызға

ерекше назар аударыңыз; - Өз денсаулы-ғыңызға, тіпті өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін сәйкес келмейтін өнімдерді сатып алудан аулақ болыңыз; - қолданыстағы заңнамаға сәйкес рұқсат етілген орындарда азық-түлік сатып алу; - тасымалдау, сақтау және сату кезінде қорғауды қамтамасыз етуі тиіс қаптаманың бүтіндігін тексеріңіз (пакет таза, сызылмаған және ашылу іздері болмауы тиіс); - қызмет көрсетуші персоналдың сыртқы келбетіне және азық-түлікті сату кезінде санитарлық нормалардың сақталуына назар аудару;

Сатып алуға баратын өнімнің түсіне, иісіне, сыртқы келбетіне, т.б. назар аударыңыз.

Жапсырмаларды мұқият оқыңыз! Белгілі бір тамақ өнімін сақтаудың температуралық шарттарын, сақтау мерзімін сақтауға ерекше назар аударыңыз.

Сондай-ақ тамақ өнімдерін сатып алған немесе өндірген сәттен бастап тоңазытқышта сақтау шарт-

тарын сақтаудың маңызы зор. Сатып алғаннан кейін азық-түлікті орамадағы бағыттарына сәйкес сақтайды (сақтау температурасы, ылғалдылық және т.б.). Ет, балық және көкөніс жеке секторларда сақталуы тиіс. Сондай-ақ, шикі тағамдармен және дайын тағамдармен жанасудан аулақ болыңыз.

Торттар, кілегейі бар торттар тез бұзылатын өнімдер екенін ұмытпай, тоңазытқышта сақталуы тиіс. Тез бұзылатын және дайын салат болып саналатын тамақ өнімдерін бөлме температурасында 2 сағаттан артық сақтамау керек.

Ыстық ауа райында тамақтан улану қаупі артады, сондықтан тамақ дайындау және сақтау жөніндегі ұсынымдарды орындаудың маңызы зор. Азық-түлік тауарлары тек сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар, өнімнің сыртқы түрі мен дәмін өзгертпей жіті ішек инфекциялары қоздырғыштарының көбеюі үшін де жақсы орта болып табылады. Яғни осыған байланысты көп компонентті

салаттар (ең алдымен майонезбен және қаймақпен пісірілген), кілегей, кондитерлік өнімдер, фарш ет өнімдері (котлеттер, орамалар, пасталар), желе және аспик, т.б. аса қауіпті тағам өнімдері болып табылады.

Үйде тамақ дайындағанда жасыл, көкөніс және жеміс-жидектерді мұқият (қайнаған сумен) шаю қажет. Салаттар, фарш ет өнімдері, дражелер бір тәуліктен артық қалдық сақталмайтындай етіп аз мөлшерде дайындалады. Салатты болашақта пайдалану үшін кесіп тастамаңыз және бүкіл порцияны бірден маусымдаңыз. Жаңа піскен тағамды алдыңғы күннен қалғандарымен араластырмау керек. Егер дайын тағам басқа күнге қалдырылса, онда оны пайдалану алдында қайнату немесе қуыру керек.

Д. КАЛЫГУЛОВ,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.



101 ескертеді

Жылыту маусымына қалай дайындалу қажет

Күздің басталуымен жылу беру маусымына дайындық басталады. 2023-2024 жылдардағы жылу беру кезеңінің қорытындылары және өткен жылдардағы тәжірибе бойынша Сарқанауданы Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғын үй секторындағы төтенше жағдайлардың туындау қаупін азайтуға бағытталған кезең-кезеңмен шаралар қарастырады.

Басым бағыттардың бірі - халықтың әлеуметтік осал топтары, жетім балалар, көп балалы отбасы баспаналарын аралау шаралары. Осы санаттағы тұлғалардың тұрғын үйлерді аралау 2024 жылдың 15 тамызында басталады. Осыған орай, ауданның барлық тұрғындары мен қонақтарынан түсіністікпен қарап, өрттің алдын алуға қатысуға шақырамыз.

Өрттің алдын алу үшін, жылыту маусымы басталмай тұрып, пеш пен мұржаның жұмыс істеу қабілетін тексеру қажет (пеш құрылымындағы жарықтарды жөндеу, мұржаларды күйік пен майдан тазарту, қабырға жарықтарды бітеу), сонымен қатар электрмен жабдықтауды тексеру керек (жалаң сымдар, тозған электр қосқыштары мен розеткалары, уақытша пайдаланатын электр сымдарды қолданбау).

Бүкіл жылу маусымында келесі ережелерді сақтау қажет:

- қабырғалары қалыңдығы 12 см немесе ыстыққа төзімді бетоннан қалыңдығы кемінде 6 см болатын сазды кірпіштің мұржаларын орнатыңыз, асбест-цемент неме-



се болаттан жасалған мұржалар көмір пештеріне қолдануға жол берілмейді;

- төбелер, қабырғалар, бөлімдер мен кесулер арасын жанбайтын материалдармен толтырылуы керек;

- пештер мен түтін арналарын кесу өлшемдерін олардың жанғыш материалдардан жасалған ғимараттардың құрылымына 50 см (екі кірпіштен) және қабырғаға немесе темір торға қалыңдығы кемінде 2,5 см төселген жанғыш материалдардан жасалған бөлікке 38 см (бір жарым кірпіш) салу керек немесе қалыңдығы кемінде 8 мм асбест картонындағы металл парақпен қорғалуы қажет;

- шегініс ашық түрінде (плитаның немесе түтін арнасының (құбырдың) сыртқы бетінен қабырғаға немесе бөлікке дейінгі қашықтық 32 см), ал жабық түрде 50 см болуы керек;

- өрттің есігі астындағы жанғыш және жанғыштық қасиеті төмен материалдардың еденіне кемінде

70x50 см өлшемді металлды төсегіш болуы керек;

- жану есігінен қарама-қарсы қабырғаға дейінгі қашықтық кемінде 125 см болуы керек.

- пештерді қыздыратын бөлмеде кішкентай балаларды қараусыз қалдырмаңыз, балаларға пешті өздігінен жылытуға рұқсат бермеңіз;

- пешті жандыру үшін жанғыш және жанғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз - бұл күйікке және өртке әкелуі мүмкін;

- жиһаз, перделер және басқа да жанғыш заттар жылыту пешінен 0,5 м қашықтықта орналасуы керек;

Осы өрт қауіпсіздігі ережелерін мен талаптарды сақтау - біздің қауіпсіздігіміздің кепілі.

Әділет ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



Табиғат аясындағы қауіпсіз демалыс

Өздеріңіз білетіндей, көктемгі және жазғы уақыт өрт қаупі бар кезең деп саналады. Табиғатта демалуды қалайтын адамдардың саны көбейетін кезең. Таза ауада, үйдің артқы ауласында демалыс және кәуап жасайтын кезеңде өртті дұрыс қолданбауынан туындайтын салдары бойынша көптеген адамдар ойламайды.

Орман өрттерінің негізгі себебі адамның абайсыздығы және негізгі ережелерді сақтамау болып табылады. Демалушылардан кейін көбіне жиналған қоқыс қалады, олар өрт қаупін туындатады, ормандар жануына алып келеді.

Мұндай өрттерді дамытудың негізгі факторы құрғақ шөп және желді ауарайы болып табылады.

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі және «Жоңғар-Алатауы» МҰТП қызметкерлерімен бірлесе ескерту үшін тау бөктерінде демалушылармен алдын алу шаралары жүргізіліп, жадынамалар таратылды.

Ағаштардың жанында, олардың тәждеріне жақын жерлерде өрт жасауға тыйым салынады, орындалмаған сәйкестіктерді, темекі тастауға болмайды;

Құрғақ және желді ауа райында өрт жақпаңыз;

От жаққан орындарды сөндірмей кетпеңіз;

Қалдықтарды және қоқысты тек арнайы жабдықталған жерлерде жағыңыз.

Құрметті аудан тұрғындары, қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау ормандарды, кейде өмірді сақтайды.

Өрт қауіпсіздігін демалыс уақытында ұмытпаңыз. Ашық жалын қолданғанда, соның ішінде от жаққан орындарда, кәуап жасағанда абай болыңыз.

Мадияр САРКУЛОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Тұрмыстық газды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары



Тұрмыстық газ баллондар мен газ қондырғыларын сертификаттары бар мамандандырылған ұйымдардан сатып алыңыз. Өйткені, жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қауіпсіз пайдалану және оларды тиісті жағдайда ұстауға олардың иелері жауапты болады. Ешқашан да газ құрылғыларын, соның ішінде

газ баллондарын күмәнді сатушылардан сатып алмаңыз.

Есіңізде болсын, ауамен араласқан газдың жарылу қаупі бар!

Қоспаның тұтану көздері: ашық от болып табылады, ол сіріңке, темекі, электр құрылғыларын қосу және өшіру кезінде пайда болған

электр ұшқыны болуы мүмкін. Улануды болдырмау үшін тұтану алдында, газ аспаптарын қосқаннан кейін бірден тарту күшін тексеру керек және жұмыс істеу барысында желдету арналарының жарамдылығын бақылау, бөлмені үнемі, әсіресе ұйықтар алдында, желдету қажет.

Егер газ жабдығы ақаулы болса немесе газ иісі болса, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатып, пештегі крандар мен цилиндрдегі клапанды немесе редуктордағы жалаушаны жауып, апаттар қызметіне қоңырау шалып, бөлмені жақсылап желдету керек. Осы уақытта ашық отты пайдаланбаңыз, электр құрылғылары мен электр шамдарын қоспаңыз және өшірмеңіз.

Елдар ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Білім

Жөндеу жүргізілуде

Биыл белгілі қоғам қайраткері, қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған публицист, жазушы, журналист Кәкімжан Қазыбаевтың дүниеге келгеніне 95 жыл. Атаулы мерейтой аясында тұлғаны тудырған киелі топырақ - Бақалы ауылында жан жадыратар жаңалықтар көп. Соның бірі аталмыш елді мекендегі тұлғаның атындағы білім шаңырағына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

-1980 жылы қабырғасы қаланып, 640 балаға лайықталған мектепте қазіргі таңда 271 оқушы білім алуда. Сонымен қатар 75 бұлдіршін шағын орталықта тәрбиеленсе, 18 балдырған мектепалды даярлық сыныбына барады,- дейді білім ордасының басшысы Назерке Құтбаева.

Жөндеу жұмыстарын «КДК-Строй» ЖШС-гі жүргізуде. 101 млн теңге көлеміндегі құрылыс жұмыстары екі кезеңге бөлініп атқарылуда. Алдымен ескі ағаш едендер түгелдей алынып, бетон негіздер құйылмақ. Көнерген бояулы әкті қабырға қырылып, заман талабына сәйкес сылақ және т.б. жұмыстар білім ордасын жаңаша жаңғыртпақ.

Ең бастысы құрылыс жұмыстары сапалы жүргізіліп, білім күні қарсаңында пайдалануға берілсе болғаны.



П. ЖЕҢІСХАН.

5% мөлшерлемеге тұрғын үй

Жетісу облысында 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде «Отбасы банк» АҚ «Жылдық 5%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша алдын ала немесе аралық тұрғын үй қарыздарын беру арқылы кредиттік тұрғын үйді сату бағыты шеңберінде кезекте тұрғандарға тұрғын үйді бөлу туралы мәлімдейді.



Өтініш беру Otbasbank.kz жылжымайтын мүлік порталында жүзеге асырылады. Оған жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған Банк салымшылары ғана өтінім бере алады.

Қатысушыларды іріктеу есепке қою күні бойынша жүзеге асырылады. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдар мәртебесі бар «I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар» санатындағы салымшылардан өтініш берген кезде ҚР Азаматтық Кодексінің 159-бабының негізінде банктік қарыз шарттарын жасасу мүмкін емес», - деп хабарлады «Отбасы банк» АҚ Жетісу облыстық филиалының бизнесті дамыту бөлімінің бастығы Мұрат Булегенов.

Еен туған күн, мерекеңмен!

Құрметті **Рысжан Құрманалиевна**, сізді зейнеткерлік жасқа шығуыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, шынайы көңілден шыққан ізгі тілегімізді жолдаймыз!

Көп жылдан бері мектепке дейінгі білім беру саласының жұмысын жандандырып, еселі еңбек етіп жүрген жігерлі де жауапты азаматшаларымыздың бірісіз.

Өз ісіңізге берілгендігіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, әділдігіңіз бен адамгершілігіңіз үшін әріптестеріңіз Сізді білікті маман, ақжүрек азамат ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Бүгінгідей мерейлі сәтте Сізге еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізді тілеймін.

Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Талай күндер төккен термен өткен күн,

Қуаныштың нәрі көктен сепкен күн.

Талай жылдар тағылымы толысып,

Құтты болсын зейнет келіп жеткен күн.

«Ақбота» бөбекжай-бақшасының ұжымы.



Ғибратты әңгіме

Бұл оқиға шағын қалашықты мекен ететін құрылыс басшысының (прораб) басынан өткен. Ол өмір бойы биік ғимараттар тұрғызумен айналысты. Егде жасқа келгенде зейнетке шықпаққа бекінеді де жұмыс берушіге келіп:

– Мен жұмысымды тоқтатқым келеді. Зейнетке шығар уақытым таяды. Қалған өмірімді кемпіріммен, немерелеріммен бірге өткізбек ниетім бар,- дейді.

Сонда оның сөзін үнсіз тыңдаған қожайын қимастықпен соңғы өтінішін айтады:

– Тыңдаңызшы, сіз еңбекке толы жылдарыңызды соңғы бір үймен қорытындылаңыз. Сонымен біз сізді қуана зейнетке шығарып саламыз. Және өте жақсы сый жасаймыз!

Құрылыс басшысы келісті. Жаңа жоба бойынша шағын отбасына үй соғу керек болатын. Қиыстыру, сызу, материал іздеу, тексеріс жұмыстары басталып та кетті. Ол әлдеқашан өзін зейнетте елестетіп қойғандықтан қатты асығыстық танытты. Бірін шала істесе, екіншісін қысқартты, арзан материалдарды пайдаланды, себебі, басты мақсат – тез-тез бітіру еді. Ол бәрін дұрыс жасамай жатқандығын жақсы білді, алайда, түрлі сылтаулармен өзін ақтап алды. Ақыры жұмысын аяқтап, қожайынды шақырды. Ол үйді бастан-аяқ шолып шықты да:

– Білесіз бе, енді бұл сіздің үйіңіз! Мінеки, кілтті алыңыз да, отбасыңызбен тату-тәтті өмір сүріңіздер! Барлық құжаттар рәсімделіп те қойды. Бұл – біздің фирманың атынан сізге марапат болсын,-деп ыстық лебізін білдірді.

Дәл осы сәттегі құрылыс басшысының жағдайын ешкім түсінген жоқ. Ұяттан қызарған күйі бір орында тұрып қалды. Ал маңайындағылар мәзмейрам, құттықтасып жатты. Оның қызарған ажарын ұялшақтығына балай бастады. Ал ол өз ісі үшін жанын жегідей жеуде еді. Асығыстықпен жасалған қателіктері мен кемшіліктері – қалған өмірінің басты проблемасына айналып, өмірін қиындататынын ойына алғанда онан сайын өзін сөгуге болды. Алайда, бәрі кеш еді...

Мораль:

Оқырман, сіз бұл оқиғадан қандай ғибрат алдыңыз?! Тағы да бір ой жүгіртуге қалай қарайсыз?

Білесіз бе, біз де – «құрылыс» басшысы саналамыз. Өз өміріміздің негізгі құрушысы әрі Қияметте қолымызға берілетін кітаптың негізгі авторымыз. Ерте ме, кеш пе мәңгілік зейнетке кетеміз. Зейнеткер – ұзақ жылдар бойғы еңбек нәтижесін көруші, істеген ісіне тиісінше ақы алушы емес пе? Ал адам арғы дүниеде де фәниде жасаған жақсылықтарының сауабын алушы, жамандықтарының зиянын татушы...

Құлшылығымыз қаншалықты дұрыс әрі қабыл болып жатыр екен? Білімсіздіктен, асығыстықпен қателіктерге ұрынып жатқан жоқпыз ба? Бұл – әрбір мұсылманды мазалайтын сұрақ. Жоғарыдағы құрылыс басшысы секілді шала құлшылықтар жасап, өлімнен кейінгі өмірге «үлкен проблеманы» өз қолымызбен жасап жатсақ нендей өкініш?! «Істеп тапқаны (жақсылығы) оған, ал өзі үшін істеп тапқаны (жамандығы) – оның өзіне қарсы болады». («Бақара» сүресі, 286-аят). Ол күні Алла Тағаланың: «Өткен күндерде істеген амалдарың себепті рахаттана жеңдер әрі ішіндер!» («Хаққа» сүресі, 24-аят) дегенін есту үшін қандай амалдар жасау керекпіз? Осы туралы бірге ойланып көрейікші...